

«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі
білім басқармасының Орал қаласы
білім беру бөлімінің «Дінмұхамед
Қонаев атындағы №44 мектеп-
гимназиясы» шаруашылық жүргізу
құқығындағы мемлекеттік
коммуналдық кәсіпорны



Государственное коммунальное
предприятие на праве хозяйственного
ведения «Школа-гимназия №44 имени
Динмухамеда Қонаева» отдела
образования города Уральск
управления образования акимата
Западно-Казахстанской области

БҚО, Орал қаласы
Д.Қонаев атындағы ықшам ауданы, 54 үй
Тел/факс: 8 (7112)28 71 99, 28 69 84

Бұйрық

ЗКО, г. Уральск
мкр. имени Д.А.Кунаева, д. 54
тел/факс: 8 (7112)28 71 99, 28 69 84

Приказ

«№ » 28.08.2025 ж.

**2025-2026 оқу жылында
тамақтандыруды ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 43 бабының 2 тармағының 11 тармақшасына, 48 бабының 5 тармағына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатыпалу қағидаларын бекіту туралы бұйрығы, "Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында тамақтану стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-302/2020 бұйрығы, «Білім беру объектілерінде қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 бұйрығы, Отбасы және балалар саласында мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектеп асханасында оқушылардың сапалы тамақтануын қамтамасыз ету мақсатында тамақтану кестесі, асханада кезекшілік ұйымдастыру, мониторинг комиссиясының жұмысын қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Д.Койшиеваға жүктелсін.
2. Бастауыш сынып оқушыларының тегін тамақтануын қамтамасыз ету, тамақтану кестесін жасау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары С.Ғ.Рахметуллинаға, 1-4 сынып оқушыларын тамақтандыруды есепке алу мектептің есепшісі М.Б.Унгароваға жүктелсін.
3. Жекелеген санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге мемлекеттік қызмет көрсетудің орындалуы барысында тегін сапалы тамақтандыруды

ұйымдастырудың жауапкершілігі әлеуметтік педагог Б.Т.Айтжанға жүктелсін.

4. Ашықтықты қамтамасыз ету барысында ата-аналар, қоғамның өкілдері мониторинг комиссиясының құрамына енгізілсін. Бракераж комиссиясының құрамы бекітілсін.
5. Интернет ресурстарында «Мектептегі тамақтану» айдарында мектептегі тамақтандыруды ұйымдастыру барысы туралы мәлімет, акт, мәзір, анықтамалар берілсін.
6. Күн сайынға ас мәзірі бекітіліп, ата-аналар мен оқушылардың заңды өкілдері үшін асхананың қол жетімді жеріне орналастырылсын.
7. Оқушыларды тамақтандыру жүйесі Білім беру ұйымдарына қойылатын Санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес (газдалған сусындар, фасыуд, шоколадты батон, майонез, кетчуп, сағызды конфеттер, сағыз т.б. алынып тасталсын) ұйымдастырылсын.
8. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп-гимназия директоры:



Б.С.Тлекенова

